

келісу құқығы бекітіліп берілді. Одан басқа, Министрлік пен Әкімдіктің арасында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарын іске асыру негізі болып табылатын меморандумдар жасалатын болады. Денсаулық сақтау кадрларын даярлау және қайта даярлауда дәрігерлерді даярлау бағдарламалары қайта қаралады және жоғары медициналық білімі бар медицина кадрларын бакалавриатта, магистратурада оқыту басталады, базалық экономикалық білімі бар денсаулық сақтау менеджерлері мен экономистері бакалавриат пен магистратурада даярланады; медициналық білім беру сапасына тәуелсіз бақылау жүйесі енгізілуі қажет.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Денсаулық сақтау, Білім және ғылым министрліктеріне бірлесе отырып ауруханалардың медициналық қызметкерлерінің, соның ішінде медицина қызметкерлерін қосымша даярлау мен қайта даярлау, оларды сертификаттау мен лицензиялау жолымен біліктілігін арттыру бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын», - деп нақты тапсырмалар берді. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің талаптары орындала отырып медицина ғылымы мынадай бағыттар бойынша дамуы қажет деп есептейміз:

- әлеуметтік жағынан елеулі аурулардың алдын алудың, ерте анықтаудың, емдеудің және оңалтудың озық технологияларын басым әзірлеу және қолданысқа енгізу;

- Денсаулық сақтау министрлігінің қатысуын қамтамасыз ете отырып практикалық денсаулық сақтауға отандық және тәжірибе алмасудан алынған ғылыми әзірлемелер енгізу, қазақстандық медицина ғылымының халықаралық ғылыми-зерттеу ұйымдарына интеграциялануын, халықаралық серіктестікті дамыту;

- азаматтардың денсаулығын қорғау саласында жоспарланатын және қабылданатын шаралардың экономикалық және әлеуметтік тиімділігін ғылыми бағалау және негіздеу, медицина ғылымы саласында айғақтау медицинасы принциптерін енгізу.

Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру үшін мыналар көзделуі қажет: 1) медициналық жоғары оқу орындарын ұлттық аккредиттеу жүйесін енгізу; 2) медициналық жоғары оқу орындарын халықаралық аккредиттеуді; 3) медицина ғылымын реформалау тұжырымдамасын әзірлеу.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2007 жылғы 21 мамырдағы енгізілген өзгертулер және толықтыруларымен. Алматы «Юрист» баспасы. 2007.

2. «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 1 наурыз 2007 ж.

3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 1997 жылғы 10 қазан.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2004 жылғы 13 қыркүйектегі № 1438 Жарлығы.

5. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 7 ақпан 2008 ж.

In given article regulation and management in the field of public health services is considered questions state-legal.

В данной статье рассматриваются вопросы государственно-правового регулирования и управление в области здравоохранения.

Ә. Оңдасынова

КЕДЕНДІК ШЕКАРАНЫҢ ҰҒЫМЫ

Кедендік шекара ұғымы кеден құқығының басты санаттарының бірі болып табылады және бұл санат кеден аумағы ұғымымен әрқашан қатар жүреді және белгілі бір тұтастықты құрайды. Кедендік шекара мәселесі кеңестік құқықтану ғылымында объективтік себептерге байланысты маңызды болмағанын айтып кеткен жөн. Мұның ең басты себебі Кеңес Одағының кедендік шекаралары мемлекеттік шекаралармен толық сәйкес келетін, ал темір перденің болуы жағдайында тек қатал шектелген субъектілер саны ғана (олар мамандандырылған сыртқы сауда ұйымдар еді) кедендік шекарадан тауарларды өткізуді көздейтін экспорттық-импорттық операциялар жүргізу құқығына ие болатын. Алайда жағдай Кеңес Одағының ыдырауы алдында күрт өзгерді, өйткені сыртқы сауда операцияларын жүзеге асырудың бұрынғы шаруашылық механизмін бір қалыпта ұстап отыруға және тұтынушы нарығын толтыруға дәрменсіз саяси режим 1980-шы жылдардың аяғында кәсіпкерлікпен айналысатын барлық субъектілерге экспорттық-импорттық операциялар жүргізу құқығын беріп, КСРО-ның кедендік шекараларын ашуға мәжбүр болды. Қарайған жылдар бойы келе жатқан сыртқы сауданың мемлекеттік монополиясын жойған бұл шешім КСРО Министрлер Кеңесінің 28 ақпан 1989 жылғы №191 Қаулысымен ресімделді [1].

Түбегейлі өзгерген жағдайға сай келмеген 1964 жылғы КСРО-ның бұрынғы Кеден кодексі [2] 26 наурыз 1991 жылы қабылданған [3] және 1991 жылдың 1 шілдесі күнінен бастап күшіне енгізілген КСРО-ның жаңа Кедендік кодексімен ауыстырылды [4].

1964 жылғы Кеден кодексіне қарағанда 1991 жылғы Кодекс КСРО-ның кедендік аумағы мен оның кеден шекарасына бөлек бір бапты арнады (2 бап). Кеден кодексінің бұл бабы төрт бөліктен құралды және КСРО-ның кеден аумағының құрамы мен оның шегін белгілейтін кеден шекараларына байланысты бірнеше маңызды ережені бекітті. Сонымен 1991 жылғы КСРО Кеден кодексінің 2-ші бабымен енгізілген маңызды ережелердің ішінен келесілерді ерекше атап өту керек:

- 1) КСРО кеден аумағының тұтастығы жөніндегі қағида (1 бөлім);
- 2) КСРО-ның кедендік шекараларын оның кеден аумағының шегі ретінде анықтау (2 бөлім);

3) кедендік шекараның КСРО мемлекеттік шекарасымен бірдей болуы жөніндегі жалпы ереже және бұл ережеден басқа айрықша жағдайлардың болуы мүмкіндігіне жол берілуі (2 бөлім);

4) кеден аумағы режимінің (кеден ісіне қатысты мемлекеттің айрықша юрисдикциясының) мемлекеттік шекара сызығының сыртында орналасқан объектілерге – яғни, КСРО-ның экономикалық аймағында құрылатын жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға – таратылу мүмкіндігі жөніндегі айрықша ереже (3 бөлім);

5) кеден аумағының жалпы режимінен (іс жүзінде кеден аумағы құрамынан) шектері КСРО-ның кедендік шекараларының құрамдас бөлігі болып табылатын еркін кеден аймақтарын шығарылу мүмкіндігіне байланысты айрықша ереже (4 бөлім).

КСРО кеден аумағының жалпы режимінен бөлек бірінші айрықша ереже халықаралық құқыққа тікелей байланысты екендігі назар аудартады. Мәселен, КСРО кеден аумағының құрамына КСРО-ның экономикалық аймағында құрылған жасанды аралдардың, қондырғылар мен құрылыстардың енгізілуі (2 баптың 3 бөлімі) 1982 жылғы Теңіз құқығы бойынша БҰҰ Конвенциясына негізделген. Атап айтқанда, Конвенцияның 56 бабындағы 1 «b (i)» тармағы бойынша жағалаудағы мемлекеттің айрықша экономикалық аймақта «жасанды аралдарды, қондырғылар мен құрылыстарды құру және пайдалану» жағынан юрисдикциясы бар [5].

Екінші айрықша ереже мемлекеттің аумағында заңды тұлғаларды тіркеу, салық салу және өзге де маңызды мәселелер аясында шаруашылық (кәсіпкерлік) қызметті жүзеге асырудың ерекше құқықтық режимі қолданылатын еркін (немесе арнайы) экономикалық аймақтарды (ЕЭА) құру мүмкіндігіне байланысты. Кеден ісі аясына қатысты ЕЭА барлық аумағында еркін кеден аймағы режимі орнатылады және бұл режим бойынша шетелден әкелінетін тауарларды барлық кеден баждарынан толық босатуға дейін баратын оларды кедендік ресімдеудің жеңілдетілген тәртібі қолданылады.

1991 жылғы КСРО Кеден кодексі Кеңес Одағының ыдырағанынан кейін біршама уақыт қолданыста болды, нақты айтқанда бұрынғы кеңестік республикалар өздерінің ұлттық кеден кодестерін қабылдағанға дейін. Сонымен қатар, бұрынғы Кеңес Одағының орнында пайда болған жаңа тәуелсіз мемлекеттердің кеден ісі туралы заңдарында кеден аумағы мен кедендік шекара анықтамалары 1991 жылғы КСРО Кеден кодексіндегі құрылымды сақтап қалды. Мысалы, 1993 жылдың 21 маусымында қабылданған Ресей Федерациясының (РФ) Кеден кодексінде [6] және 1995 жылдың 20 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» ҚР Заңында [7] кеден аумағы мен кедендік шекараға арналған мазмұны бірдей 3-ші бап былайша тұжырымдалған:

1) мемлекеттің кеден аумағын оның құрылықтағы аумағы, аумақтық және ішкі сулары мен олардың үстіндегі әуе кеңістігі (3 баптың 1 бөлімі), сондай-ақ кеден ісіне қатысты мемлекеттің айрықша юрисдикциясы бар теңіздегі айрықша экономикалық аймақта орналасқан жасанды аралдар, қондырғылар мен құрылымдар құрайды (3 баптың 2 бөлімі);

2) кеден заңнамасымен белгіленген реттерден басқа жағдайларда еркін кедендік аймақтар мен еркін қоймалар аумақтары мемлекеттің кеден аумағынан тыс орналасқан деп есептеледі (3 баптың 3 бөлімі);

3) мемлекеттің кеден аумағының шегі, сондай-ақ еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалардың периметрі мемлекеттің кедендік шекарасы болып табылады (3 баптың 4 бөлімі).

1991 жылғы КСРО Кеден кодексіне қарағанда келтірілген жағдайларда жаңалықтардың пайда болғанын байқауға болады, атап айтқанда:

- біріншіден, мемлекеттің мемлекеттің кеден аумағының құрамы оның элементтерін тізу арқылы нақтыланған – олар, құрылықтағы аумақ, аумақтық және ішкі сулар мен олардың үстіндегі әуе кеңістігі. Аталған элементтер мемлекеттің аумақтың құрамдас бөліктері болып табылады және осыдан мемлекеттік аумақ сияқты кеден аумағының да құқықтық режимінің негізін мемлекеттің егемендігі құрайды деген қорытынды шығаруға болады. Бұл жағдайға А.Ф. Ноздрачев те назар аударған болатын [8, 23-б.];

- екіншіден, еркін кеден аумақтарымен бірге жаңа ұғым енгізіліп отыр – ол еркін қоймалар және олардың аумағы, еркін кеден аймақтарының аумағы сияқты кеден аумағының біртұтас режимінен шығарылып отыр;

- үшіншіден, кеден шекарасының мемлекеттік шекарамен бірдей болуы жөніндегі жалпы ереже алынып тасталған;

- төртіншіден, кеден шекарасының құрамына мемлекеттің кеден аумағы мен еркін кеден аумақтарының шектерімен бірге еркін қоймалардың периметрлерін де қосу арқылы кедендік шекара ұғымы анықталған;

Келтірілген заңи ережелер кедендік шекараның тиісті ғылыми анықтамалары үшін негіз болды. Мәселен, анықтамалық әдебиеттердің бірқатарында кедендік шекара ұғымы, бір жағынан, «мемлекет кеден аумағының шегі, сондай-ақ еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалардың периметрлері» ретінде, екінші жағынан – мемлекеттің кеден аумағының шекарасы ретінде берілген [9]. Басқа басылымдарда кедендік шекара мемлекеттің «кедендік аумағын шектейтін шартты сызық» ретінде [10], үшіншілерінде – «бірыңғай кедендік заңнама қолданылатын және сыртқы сауданың бірыңғай статистикалық есебі жүргізілетін аумақ шекарасы» ретінде ұсынылған [11, 30-б.].

Кейбір энциклопедиялық сөздіктерде кедендік шекараның құқықтық мәнінің бірнеше мағынасы бірден берілген, мысалы:

- кедендік шекара – «бірыңғай кедендік заңнама қолданылатын және сыртқы сауданың бірыңғай статистикалық есебі жүргізілетін аумақ шекарасы»;

- кедендік шекара – «тауардың өткізілуі кедендік декларацияның толтырылуын және кеден баждарының төленуін талап ететін аумақтың шекарасы»;

- кедендік шекара мемлекеттің кеден аумағының шегін, сондай-ақ еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалар периметрін белгілейді;

- кедендік шекара мемлекеттің кедендік заңнамасы қолданылуының кеңістіктегі шегін белгілейді және іргелес мемлекеттердің кеден аумақтарын бөледі, яғни мемлекеттің кедендік егемендігінің әрекет ететін саласын белгілейді [12].

Келтірілген анықтаманың бірінші баламасында кедендік шекараны қолданыстағы кеден заңнамасы мен сыртқы сауданың статистикалық есебінің біртұтастығы арқылы анықтау мәселесі көтерілген.

Екінші баламада кедендік шекара анықтамасы кедендік декларация толтыру және кеден баждарын төлеу қажеттілігі арқылы анықталады. Алайда бірінші жағдайда да, екінші баламада да кедендік шекараның құқықтық мәні мемлекет егемендігі әрекетінің кеңістіктегі шегіне тіреледі.

Үшінші және төртінші тармақтарда мемлекеттің кедендік шекарасының құрамы анықталады. КСРО орнынан пайда болған жаңа тәуелсіз мемлекеттердің екінші буын кеден кодестерінде кеден аумағы мен кедендік шекара жөніндегі норма кейбір өзгерістерге ұшырады. Мәселен, 2003 жылдың 5 наурыз күні қабылданған Қазақстан Республикасының Кеден кодексінде қарастырылып отырған мәселеге арналған 6-шы бап келесі жаңалықтарға ие болды [13]:

- біріншіден, теңіздегі айрықша экономикалық аймақ ұғымы алынып тасталып, оның орнына құрылықтық шельф ұғымы енгізілген. Ендігі жерде мемлекеттің айрықша юрисдикциясы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» бұрынғы Заңдағыдай теңіздегі айрықша экономикалық аймақтағы емес, құрылықтық шельфте орналасқан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға таратылады. Бұл өзгерістің себебі Каспий теңізінде жағалаудағы мемлекеттердің айрықша экономикалық аймақтары орнатылмаған және Капий мәртебесі бойынша жаңа Келісім қабылданғанша оның орнатылуы екіталай (6 баптың 1 тармағы);

- екіншіден, еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалар ұғымы заңнамадан толығымен алынып тасталды, олардың орнына арнайы экономикалық аймақ (АЭА/СЭЗ) түсінігі енгізіліп, оның аумағы бұрынғы заңнамадағы еркін сауда аймақтары мен еркін қоймалар ауданындай бірыңғай кеден аумағы режимінен шығарылмастан, керісінше мемлекеттің кеден аумағының бөлігі ретінде жария етілді (6 баптың 2 тармағы);

- үшіншіден, заңнамада алғашқы рет кеден шекарасының «Қазақстан Республикасы кеден аумағының шегін анықтайтын сызық және оның үстімен өтетін тік үстірт» ретінде анықтамасы пайда болды (6 баптың 3 тармағы);

- мемлекеттің кедендік шекарасына кеден аумағының шегі мен АЭА / СЭЗ периметрлері жатқызылды (6 баптың 3 тармағы);

- Қазақстанның кеден заңнамасы тарихында алғаш рет «кеден шекарасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасымен бірдей болуы мүмкін» деген ереже пайда болды (6 баптың 4 тармағы).

Сонымен, кеден аумағы мен кедендік шекараға арналған норманың көп өзгерістерін қолданылатын ұғымдарды айқындау қажеттілігімен түсіндіруге болады.

2003 жылдың 28 мамыр күні Ресейдің жаңа Кеден кодексі қабылданды және оның құрамындағы 2-ші бап кеден аумағы мен кедендік шекараға арналды [14]. Бұл бап Қазақстанның жаңа Кеден кодексіне ұқсас жаңалықтарды енгізді, бірақ оның өз ерекшеліктері де бар еді, атап айтқанда:

- біріншіден, Ресей Федерациясының (РФ) мемлекеттік аумағы оның бірыңғай кеден аумағын құрайды деген жаңа норма енгізілді (2 баптың 1 тармағы). Мұндай норма КР Кеден кодексінде мүлдем жоқ;

- екіншіден, РФ-ң кеден аумағы (мемлекеттік аумақпен бірге) Ресейдің заңнамасы бойынша оның юрисдикциясы жүргізілетін айрықша экономикалық аймақ пен құрылықтық шельфте орналасқан жасанды аралдарды, қондырғылар мен құрылыстарды қамтиды деген нақтылаушы ереже енгізілді (2 баптың 2 тармағы). Қазақстанға қарағанда Ресейдің айрықша экономикалық аймағы бар және осы нормада бұл тағы да дәлелденіп отыр. Сонымен қатар, Ресейдің юрисдикциясы айрықша экономикалық аймақ пен құрылықтық шельфте орналасқан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға оның заңнамасына сәйкес жүргізіледі деп көрсетілуінің өзі мұндай юрисдикцияның құқықтық негізін халықаралық құқықтан ішкі заңнамаға ауыстырады, бірақ юрисдикцияның халықаралық-құқықтық негізі, дегенменде, жанама түрде болса да қала бермек;

- үшіншіден, Ресей кодексі АЭА/СЭЗ ұғымының орнына мазмұнына жағынан онымен бірдей болып табылатын ерекше экономикалық аймақ ұғымын қолданады және қазақстандық баламаға қарағанда оның айқындылығы жоғарырақ, өйткені бұл аймақтардың өзі мемлекеттің кеден аумағының бөлігі ретінде, ал бұл аймақтардың аумағында орналастырылған тауарлар болса кеден баждарын, салықтарын және өзге де сыртқы сауда қызметін реттеу шараларын қолдану мақсатында РФ-ның кеден аумағынан тыс орналасқан деп есептеледі (2 баптың 3 тармағы). Қазақстандық Кеден кодексінде АЭА/СЭЗ аумағында орналасқан тауарлардың мәртебесі анықталмаған және осы жағдай ресейлік кодекстің артықшылығы болып табылады деп айтуға болады;

- төртіншіден, кедендік шекара кеден аумағының, ерекше экономикалық аймақтардың шектері, сондай-ақ айрықша экономикалық аймақ пен құрылықтық шельфте орналасқан және РФ өз юрисдикциясын жүргізетін жасанды аралдардың, қондырғылар мен құрылыстардың аумағының шегі ретінде анықталады (2 баптың 4 тармағы). Құрылықтық шельфте орналасқан объектілерді қарастырмаған қазақстандық заңның нормасына қарағанда бұл анықтама нақтырақ болып табылады;

- бесіншіден, кедендік шекара РФ-ның Мемлекеттік шекарасымен бірдей болып табылады және жалғыз ерекшелік РФ-ң юрисдикциясы жүргізілетін айрықша экономикалық аймақ пен құрылықтық шельфте орналасқан жасанды аралдардың, қондырғылар мен құрылыстардың және ерекше экономикалық аймақтардың аумағының шектеріне қатысты орнатылған (2 баптың 5 тармағы). Қазақстандық баламаға қарағанда бұл норманың да нақтылық дәрежесі жоғарырақ болып табылады.

Сонымен, РФ Кеден кодексінің 2-ші бабы бұрынғы редакцияға қарағанда екі жақты түсіндіруге кез келген мүмкіндіктердің алдын алатын және оны дұрысырақ мазмұндайтын бірқатар нақтылаушы белгілер енгізген. Бұл жағынан ресейлік Кеден кодексінің нормасы қазақстандық баламаға қарағанда біршама артықшылықтары бар. Сонымен бірге, қазақстандық кодекстің маңызды артықшылығы ресейлік кодексте кездеспейтін кедендік шекараның дефинициясын енгізу екендігін басып көрсеткіміз келеді.

Демек, жоғарыда көрсетілген жайлардың барлығын ескере отырып мынадай қорытындылар жасауға болады:

- біріншіден, кедендік аумақтың құқықтық режимінің негізінде мемлекеттің егемендігі жатыр;
- екіншіден, мемлекеттің кеден аумағы құрамынан кейде мемлекеттік аумақтың кейбір телімдері шығарылып тасталуы мүмкін (мысалы, кеден ісі туралы алғашқы заңнамалық актілерде еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалардың аумақтары кеден аумағының құрамына кіргізілмеген болатын). Кейінгі кеден кодекстерінде еркін (ерекше) экономикалық аймақтар мемлекеттің кеден аумағының құрамдас бөлігі болып табылатыны басып айтылған;
- үшіншіден, мемлекеттің кеден аумағы құрамына мемлекеттік шекаралардың сыртында орналасқан кейбір аумақтар енгізілуі мүмкін (бұл жерде құрылықтық шельф пен Ресейдегідей айрықша экономикалық аймақта орналасқан және жағалаудағы мемлекеттің юрисдикциясына жататын жасанды аралдар, қондырғылар мен құрылыстар туралы айтып отырғанымыз түсінікті);
- төртіншіден, заңнамалық актілерде (кеден кодекстерінде) кеден шекарасының ұғымы оның құрамын көрсету арқылы анықталады, яғни – атап айтқанда, кеден аумағының, еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалардың шектерін (басындағы актілерде көрсетілгендей), арнайы (ерекше) экономикалық аймақтардың, сондай-ақ айрықша экономикалық аймақта (РФ-ның Кеден кодексіндегідей) және құрылықтық шельфте орналасқан жасанды аралдардың, қондырғылар мен құрылыстардың аумақтарын көрсету арқылы анықталады;
- бесіншіден, кеден шекарасының жалғыз заңнамалық анықтамасы (дефинициясы) ҚР-ң Кеден кодексінде «Қазақстан Республикасы кеден аумағының шегін айқындайтын сызық және оның үстімен өтетін тік үстірт» ретінде берілген;
- алтыншыдан, кедендік шекараның құқықтық әдебиеттерде берілетін анықтамалары көбінесе заңнамалық ережелерге сүйенеді және мынадай жағдайларды ескереді:
 - кеден ісі саласындағы мемлекет егемендігінің мазмұны мен әрекет ету шегін анықтау;
 - кеден аумағы режимінен мемлекеттік аумақтың кейбір телімдерінің шығарылып тасталуы,
 - сондай-ақ кеден ісі саласындағы мемлекет юрисдикциясының мемлекеттік шекаралардың сыртында орналасқан аумақ телімдеріне таратылуы.

Көрсетілген жағдайларды ескере отырып, кеден шекарасы ұғымының мынадай анықтамасын ұсынамыз: «кеден шекарасы» - кеден ісі саласындағы мемлекет егемендігі таратылатын мемлекеттің кеден аумағының шегін, еркін экономикалық аймақтардың периметрлерін, сондай-ақ жағалаудағы мемлекеттің юрисдикциясы таратылатын мемлекеттік шекаралардың сыртында орналасқан кейбір аумақтардың телімдерін анықтайтын сызық және оның үстімен өтетін шартты тік үстірт.

Ұсынып отырған анықтамамыз бір жағынан заңнама ережелерін, екінші жағынан құқықтық ғылымның жетістіктерін ұштастырып, кеден шекарасының неғұрлым толық түсінігін бере алады деген сенімдеміз.

1. Постановление Совета Министров СССР №191 от 28 февраля 1989 года «Об утверждении положения о Министерстве внешних экономических связей СССР» // СП СССР. – 1989. – Отд.1. - №14. – ст.45.
2. Указ Президиума Верховного Совета СССР от 5 мая 1964 года «Об утверждении Таможенного кодекса Союза ССР» // Ведомости Верховного Совета СССР. – 1964. - №20. – ст.242.
3. Таможенный кодекс Союза ССР от 26 марта 1991 года №2052-1 // Ведомости Верховного Совета СССР. – 1991. - №17. – ст.486.
4. Постановление Верховного Совета СССР от 26 марта 1991 года №2053-1 «О введении в действие Таможенного кодекса СССР» // [http: bestpravo.ru](http://bestpravo.ru)
5. Конвенция ООН по морскому праву, 10 декабря 1982 года (Извлечение) // Действующее международное право. В 3-х томах. Составители Ю.М. Колосов и Э.С. Кривчикова. Том 3. – М.: Издательство Московского независимого института международного права, 1997. – С.322-474.
6. Таможенный кодекс Российской Федерации от 21 июня 1993 года // Ведомости Верховного Совета РФ. – 1993. - №31. – ст.1224.
7. Закон «О таможенном деле в Республике Казахстан». – Алматы: Жеті Жарғы, 1995. – 528 с.
8. Таможенное право: Учебник / Отв. ред. д-р юрид. наук., проф. А.Ф. Ноздрачев. – М.: Юристъ, 1998. – 576 с.
9. Таможенная граница // Беляшов В.А. Таможенный энциклопедический справочник. В 2-х томах. Т.2 /Под ред. И.Ю. Краснянского. – Минск: «Интер-Дайджест», 1998. – С.308.
10. Таможенная граница РФ // Румянцев О.Г., Додонов В.Н. Юридический энцикл. словарь. – М.: ИНФРА-М, 1997. – С.305.
11. Комментарий к Таможенному кодексу Российской Федерации. Общая редакция и вступительная статья заместителя Председателя Государственного таможенного комитета Российской Федерации В.А. Максимцева и д.ю.н., проф. Б.Н. Габричидзе. – М.: Издательская группа НОРМА – ИНФРА-М, 1998. – 496 с.
12. Таможенная граница // Барихин А.Б. Большой юридический энциклопедический словарь. – М.: Книжный мир, 2006. - С.623.
13. Таможенный кодекс Республики Казахстан от 5 апреля 2003 года №401-ІІ // Казахстанская правда. – 2003. – 11 апреля.
14. Давыдов Ю.Г. Комментарий к Таможенному кодексу Российской Федерации (новая редакция). – М.: ТК Велби, 2003. – 592 с.

In article various approaches to concept of customs border are analyzed. Author's definition of the investigated phenomenon is proved.

В статье анализируются различные подходы к понятию таможенной границы. Обосновывается авторское определение исследуемого явления.